

Дариға Мұштанова

ӨМІР - АРНА

Аманкелді Шахин

Алғысөз орнына

Көңіл періштесі

(ақын Дарига Мұштановаға)

Келбеті елінің көз қиығында,
Бергісіз туған пенде қиып ұлға,
Маңына мамыралап мың құдірет
Періште қонақтаған иығына.

Намысқа, кір келтірмей ар атына
Ізгілік шуақтайды санасына.
Түсінде аян берген домбыралы
Тәңірдей сиынады бабасына.

Бойында жойқын қуат тілімдесіп,
Бір ғажап келе жатыр ғұмыр кешіп.
Кей кезде Жерден де ұзап жын сияқты
Жатады Ай, жұлдызбен күбірлесіп.

Кезінде өлең буып, шабыт піскен
Ауытқып жүре берер қалыпты істен.
От шашып жанарынан отырады
Жұлдыздың жұрнағындай тамып түскен.

Жолығып шұғылалы сағатқа анық,
Қас-қағым кетуі де абаттанып.
Сұңқылдап сұңқарлары сан қапталдан
Баптайды кара сөзді қанат тағып.

Сызылтып көмекейден сыбызғысын,
Кісінер құлыншағы қымыз мүсін.
Қағылып қоңырауы кеудесінің
Іргеңнен тамылжытар ғұмыр құсын.

Мұндайда өз-өзіне қайран қалып,
Жап-жарық түрге енеді Айдан да анық.
Сұп-сұлу сыңғыр күлкі ақтарылып,
Жадырар жақсы әзілі жайраң қағып.

Ұшырып ғарыш жаққа өзін кейде
Тұндырып қояры бар көгін күйге.
...Аспанға Дариға бір қарап қойшы
Ақсақал домбыралы көрінбей ме?



Текетірес

немесе хатшымен қақтығыс

Әй, «бек-төре!»

Төрт жыл болды
Мен депутат болғалы,
Сен депутат болғалы.

Мені елім қолдады,
Сені бегің қолдады,
Содан бері көріп жүрміз қызығын,
Көк мандаттың қолдағы.

Әй, «бек-төре!»

Сол төрт жылда не тындырдық осы біз?
Күлмей ме ертең дұшпан,
Ренжіп досымыз...

Жаңарды ма ескі менен күсқымыз,
Жамалды ма жаман-жұман қосымыз?
Осы жайлы ойладың ба, сірә да,
Сес бермейсің.

(Сол ғой сендік сыбаға...)

Айналып ап «көрінбейтін сынаға»,
Сап құрайтын сұмдардан сыр сұрама.
...Сілелеген сайлаушының үстінен
Состиясың сылқиып кеп сыраға.

Әй, «бек-төре!»

Тұрғанда тап мына сендей «төреші»
Көрге кірмей бітпес елдің көресі!
Сөйлей-сөйлей сіңір болып өнеші,
Қолға тимей тиесілі көмеші
Болып бітті-ау елім әбден өлесі.

Ей, «төретай!»

Ал, мынауың, тіпті, асты
Әшейінгі ойыныңнан «жұп-тақты»
-Жиырма мыңнан жылу жинап байлардан
(Бәлкім, олар байлығынан сайланған?!)

Парламенттен келетіндерге,
Айтқанына сенетіндерге,
Сыйлық жасап берейік дейсін...
Жок, төресымағым!
Бұрыннан да байқаушы ем
Сендік өре шұнағын.
Тап осылай неге шаппайсың
Сайлаушының шешуге сұрағын!
Сайлауға неге қаржы таппайсың
Анау тарыдай шашылған
Сорлы қазақтың тұрағын...
Егер сол үшін десең пейіл ем,
Қиып беруге көрпемнің соңғы кұрағын,
Жағып беруге әзір ем,
Жанымның соңғы шырағын!
Ал, сенің бұл «жылуыңды»
«Талапайлар» қайтеді?!
Ондағылар мұндағыдан да бай тегі!
Ойлансандаршы,
сайлаушы төрі - мәслихат
Ойын салатын жер емес қой «тай-телі...»
Депутаттарды тандап апарам дейсің,
Кездестіруге «жақсымен»,
Қолында ондай билігі бар
Сен қайдан шыққан «Тақсыр» ең?!
«Әкімдер солай шешті» дейсің,
ала көздің астымен-
Сені әкім сайлап па еді?
Олармен, әлде, «жақсы» ма ең?!
Осындай сұмдықты айтудан шошынбайтын
Жүрегің сенің тас білем...
Әй, сұм-төре!
Ал, мен көне алмадым,
Көнбедім сенің мұңыңа!
Құлақ түрмесе кембағалының мұңына,
Айналып кетсе құзғын-құлқынның құлына,



Өнердегі ұстазым Сағынғали Мұқанов

«Қоғамдық тыңдау» сапарынан

Бір «Волгада» бір депутат,
Бір «Нивада» бір бастық.
Сырнайлатып, кернейлетіп,
Сан шақырым қырды астық.
Кедей жайын ұғынуға
Кілең баймен сырластық.

Аузынан қақпа жұрттың,
Сөйлеу еркі - тілдікі.
Менің жырым - елімдікі,
Сенің «жырың» кімдікі?!

Алармағын маған қарап,
Ала көзден ықпадым!
Кімнің осы өкілсің,
Мен соныңды ұқпадым?!

Бықсық бу ұялаған көзені ашып,
Бұл жердін кетті білем өзегі ашып.
Тымырсық тірлігіңнен түнілгенде,
Келеді маңып кеткім безе қашып...

Қабат та қабат от-жалын,
Отыңа ойды қақтадым.
Мініп ем тартып ат жалын,
Жан-жақтан лаулап қаптадың.
Жанып кетпесем жарады,
Бұл өмір деген қас-қағым...



Ауылдастарға хат

Бір-екі жыл ауылға
Деп жатыр ғой «Теңдікті ал!»
Шап ендеше, шаруа,
Қойторыға терлік сал.
Клубыңды қираған
Бұрынғыдан кең қып сал,
Кітапхана, мектептің
Төрт құбыласын тең қып сал!
Елің барда ес жиып,
Біразырақ серігіп қал,
Ұйқылы-ою отырған
Белгілі еді сендік хәл.
Құдай беріп тұрғанда
Жинап алғын төлдік мал.
Тым болмаса тауық жи
Теретұғын жемді ықтан.
Төрт түліктің қадірін
Келді ме кезің енді ұққан?
«Киізінді» тауып ал,
Жалқаулықтан «жер жұтқан».
Кемедегі жан бірге,
Сен ұтпасаң - мен де ұтпан!

Институтқа келгенде

Келіп ем институтқа, бұрылдыңыз,
Кетті ме еске түсіп бұрымды қыз
Осы бір күт мекеннің бұрышынан,
Байқамай іздейміз-ау, бұрынды біз.
Тағынып сан қонырау көңіл деген,
Төрінді түгелдейсің өрінменен.
Табы бар жастығыңның қабырғаға

Тараудан сыр шертесің өмір деген.
Білдірмей арығыңды кесектеніп
Маздатып жан отыңды көсеп келіп.
Азамат болғаныңды дәлелдейсің
Тұрғандай әке алдында есеп беріп.
Жаңа леп әкелгендей жаңа бұл күз,
Болып тұр жүрек - аспан, сана - жұлдыз.
...Сен екен деп қалып ем анау жігіт,
Өзім екен деп қалдым ана бір қыз.



Киелі мекен

Бәрі жаңа. Бәрі асыл Кереметтеи,
Үстірттікке хақың жоқ, терең өтпей.
Көне үнге мұндағы жаңғырыққан,
Әлі күнге кете алман елең етпей.
Жүргенімді бейсуат ағат көріп,
Аяғымды басамын санап келіп
Демімді алып ішіме құлақ түрем,
Сәрсен ағай тұрғандай сабақ беріп.
Бас ғұмырды жалғай ма тас ғұмыры,
Бірте биіктеп хас тұғыры
Қара өлеңді құранша күйылтқандай
Мәтжан ағай кәдімгі Мақсымұлы!
Алғысы кеп бір сәуле тұнықтардан,
Таң шапағы мұнда кеп тұрып қалған
Бұл киелі мекен ғой жұрт тәу етер,
Ұлылардың дауысы сіңіп қалған.



Ақ қағазбен оңаша қалдыр мені Елу!

Елу дейді?! Мен бе екем соған келген,
Қырық кетті, әнекей, сонар белден.
Маздақ көңіл мазасыз сыр іздейді,
Аққу сыңсып, қаз ұшқан мұнар көлден.
Елу дейді! Мен бе осы шыныменен,
Тұрғаным жоқ, рас, мойынсұнып ерен.
Дейін десем жүрегім бұлқынады,
(Қайтіп «кемпір» боларсың мұныменен)
Елу дейді!.. «Жә, мейлі» деу де қиын,
Бір сағыныш ойнайды кеуде күйің.
Менің қимас, қиялшыл көңілімді,
Сендіруге келгендей бейне, дүйім!
Елу дейді. Сенбей көр ал, кәне енді,
Маң-маң басып біздің де маңға келді.
Сенбес едім. Немерем анау тұрған,
Сол тұрған соң көңілім зорға көнді.
Жиырма, отыз, қырықтай көмбелердің,
Аман өтіп тұсынан дөңгелендім.
Ағалар мен апалар жасы деуші ем,
Есігінді аш, ей, елу! Мен де келдім.

Сен туралы

Мен сені ұмыттым-ау ақырында,
(Айтуға мұны жетті батылым да)
Санамдағы сарғайған сағыныштар,
Кеткен білем уақыттың тақымында.
Білем. Енді ол сезім алмаспайды,
Үзілген тін түйінсіз жалғаспайды.
...Өрт жалаған әлемі өкініштің,
Бір нүктеден бебеулеп қан-қақсайды.

Мен сенің жұмбабағыңмын. Сен де менің,
Қатар түр сенгенің мен сенбегенің.
Күтумен өтіп кетті мына ғұмыр,
Ақ та төк сезімнің бір селдегенін.
Сен менің жұмбағымсың. Мен де сенің.
(Жұмбақсыз өмір болса, көнбес едім)
Көңілдің қырау-қырау қатпарынан,
Торғынын көктем ойдың көлбетемін.
...Арамыз қосулы ма? Үздік пен әлде?
Ұқсайды тек әйтуір қылықты әнге.
Шешуі шеңгел-шеңгел бұл өмірде,
Жұмбақ боп қала берген қызық па әлде...

Көңіл пернелері

Мылқау түннің тылсымын таң күрмеді,
Көптен бері көңілім паң күлмеді.
Өлеңімді сағындым, беу, тіршілік,
Ақ қағазбен оңаша қалдыр мені.
Ізбен шығып, күнде бір ізбен кірдім,
Есебінен жаңылдым тізген күннің
Жогын тауып көп жұрттың қуантқанмен,
Өз-өзімді жоғалтып, іздеп жүрмін.

Құлазып тұрғанын-ай айналаның,
Естілмей кетті өзіме айлап әнім.
Ештеңе елеңдетпес самарқаулық,
Көңілді көремісің жайлағанын.
Құлазып тұрғанын-ай әлемімнің,
Дауасын таппай қойдым жан елімнің
Тереңге көміп қойған қайран сабыр,

Өтесің сынағынан және кімнің,
Өтесің сынағынан және кімнің,
Ішімнен, өзіме аян, сан егілдім.
Бұқпалы, бұлтарысты тіршілік-ай,
Әдемі күн ішінде әлегің мың.
...Жалынсыз жанарлардан жаурап келіп,
Отына жылынамын өлеңімнің.

Лаққан қаздай күн кештім. Тоқпын бірақ,
Татымайтын бір күнге көп күн құрап.
Абыр-сабыр тірлік бар айналамда,
Қан жылайды жүрегім тек тұнжырап.



Ғарапада

Жете алмай қойдым биыл бастарыңа,
Тәу етсем деп ем құлпытастарыңа
Күбірлеп, ақылдасып, мұншағысып,
Отырсам деп ем барып қастарыңа.
Кеш әке, кешір ана, жазықтымын,
Бермейді жанымды ойлар қазып, тыным.
Шұрқырап бір орында шырқ айналған,
Біреуі болып алдым қазықтының
Білемін. Мен жақ құлақ түргендерін,
Күтесің жылдағыдай бір келгенім.
Басыма қатер төнсе желеп-жебеп,
Қатар кеп түсіме еніп жүргендерің.
Кеш әке, кешір ана, қыздарынды,
Ойласам сендерді ішке мұз қарылды.
Жібітіп топырағыңмен жүр екем ғой,
Жүрекке тоң боп қатқан мұздарымды.

Мүсіркеме

Өмір-ай, өмір қас-қағым,
Түнекке жиі тастадың.
Түнере берді-ау аспаным,
(Түңіле, бәлкім, бастадым)
Қайыса берді-ау қабырғам,
Қан жүрмей қалды тамырдан
Дүние неткен суық ең,
Суықсың бәлкім, қабырдан.
...Етектен кесіп жең құрап,
Мұзтаудан құзар сең құлап,
Мұңлы боп кетсе мына әлем,
Мүсіркеп жүрме сен бірақ.

Тәуба

қараша. 2003 ж.

Абай дана. Абай ұлы. Көреген.
Қарашаға теңдік даулап төреден
Фибрат болды кейінгіге өнеген.
Ерте туып, Ерте өлдің. О, тәуба!
Қазір келсең қай зорлыққа көнер ең,
Құса болып қайта арманда өлер ең.

Айна

Шарт етіп сынып қалды айна бүгін.
Сындырмас табар екен айланы кім.
Ырымға жат деуші еді әжем марқұм,
Абай бол! Абайлашы! Жайла, күнім.

Не істеймін. Қорқам керім сынықтардан,
Түсінер жүрегімнен сыр үкқан жан.

Пашырлап айна біткен сынған жылы,
Менің де жан-дүнием сынып қалған.

Салып тұр деп ойлама байбаламға,
Не тор бар кім біледі жайған алда.
Кедір мен бұдыры көп бұл өмірде,
Коркатын кез болады айнадан да.

5.XII.03.

Шуақ - өлең

Ерболат ағаға

Сен жыладың, аға,
Мен жыладым, аға
Нальдық.
Айтпай-ақ біраз
жарасын жаннын
дәл ұғып.
Қат-қабат бастан өтіпті-ау
тіпті, расында,
Қап-кара күндер қамығып.
Сен жыладың, аға,
жанармен емес,
жүрекпен,
Сыр еттің сосын
өмірді
үнмен бір өктем.
Түсіндім, сенсең,
түсініп терең отырдым,
Тіл қатып мен де түнектен.
Келеді өмір сені де,
мені пісіріп,

Қалған жоқ бірақ
кісілігіміз кішіріп.
Тұрдым ба енді
дей берген кезде
бұл тағдыр,
Жібереді кеп ұшырып.
Жылама, аға.
Жұбаналық кел.
кұрысын
Өмірдің бәрібір
өзгерте алмаспыз
тұрысын.
Алғанмен тағдыр
әрпіл де тәрпіл
тынысын,
Кем болған жоқ қой ырысың.
...Шуағын күннің өлеңіме орап сыйлайын,
Жүрегің бір сәт жылысын.

Тіршілік

Клубы жоқ ауылдың
Кафелері көп болар,
Қожайыны тоқ болар,
Түні бойы төбелес,
Апта сайын сот болар.

Бейтарап қалған ауылдың,
Мәдениеті лағып кетеді
Тыныштығыңды шағып кетеді
Бөтелкені бағып кетеді.
Бірінікін-бірі қағып кетеді.
Ойпыр-ай түбі нағып кетеді?

Зейнетақы кезегін көргенде

Қорқайын дедім білем сенен өмір,
Бұл күнде жіңішкерді сере көңіл.
Мойным созып қарасам мұнараңнан,
Мәреде мұң қопсиды. Сөреде күл.
Құс тістеген кешегі кермиықтар,
Қоржындарын құшақтап сенеде жүр.
Бір ойым десе маған: сене де біл,
Сенімің ақталмаса көне де біл.
...Қараусыз қалған қария-көне де бір,
Аралда қайырлаған кеме де бір.

Голоуховқа

Есінде елдің күзі айла,
Сайлауда салған із қайда.
Тротуар түгіл түк те жоқ,
Депутат қайда, біз қайда?

Порым

Өмірімнің шошимын порымынан,
Бұл тұрмыстың құрсаған торы-қылаң.
Пыр-пыр үркіп, безеді өлең сорлы,
Бөлмедегі ұйқының қорылынан.
Құж-құж қайнап пенденің мас илеуі,
Мас илеуге жүрегім бас имеді
Қашып келіп тығылам.
Түніменен
дәптеріме үніліп... ас үйдегі.

Жолдарым менің...
жолдарым менің көлденең
Көлденеңдерде көз жасым жатыр көлдеген.

Жүрегін жоқ деп таң қалма, құрбым, расы,
Темір боп кеткен ол деген.
Жылдарым менің,
Жылдарым менің мұзбалақ,
Көз тігем саған, білмеймін қандай із қарап.
Жүрегім менің темір боп кеткен десем де,
Тұрады кейде сыздап-ақ.

Өзіңнен өзің пісіп те ысып тынысың,
Қуарып жүзің, күйтііп кетті тұрысың,
Боғынды бұлдап, жоғынды тұлдап жүретін,
Түрің бе, түрің құрысын.



Әрі қаш...

Тығылам қайда? Тынығам қайда мынадан,
Ұлығандай ма? Құнығырдай ма мың адам.
Белуарынан былыққа батқан бұл алаң,
Былғанын жатыр күнәдан.
Демейді олар деміккен күннен қаусадық...
Тіресем деме, төзімді сәтте таусады, үк...
Еліріп есер екі асап қойған ырысын,
Екі ұл суға кетіпті, әне ау салып.
Тығылам қайда. Жығылам қайда дем бітіп,
Білемін деуші ем. Білмейді екем елді түк
«Жартасқа бардым. Күнде айғай салдым» Абайша,
Жалығып кеттім жаңғырықтан ес мен күтіп.
Шұбырып кеткен жетімегі ел-жарымас,
Есепке алма, ең оңай жолы - әрі қаш...
...Екі күн іздеп екі ұлды ауыл шақ тапты,
Ал, балық күткен «әке мен шеше» әлі мас.

Сөйлемен деп ем. Сөйлейінші сәл, дат, жаным,
Перілер жатыр сайранын салып патшаның.
Іздеу сап жүріп білді әкім: жетім толып жүр,
Ішінде иесіз дачаның.



Қоя тұрындаршы...

Қоя тұрындаршы. Қоя тұрындаршы барлығын.
Қойдай шулаумен өтті ғой талай зар күнің
Қалт етпей бір сәт отырайын деп ем сәл ғана,
Жырымның тындап жарлы үнін.

Қоя тұрындаршы. Бара тұрындаршы, өтінем,
Қабарып жаным, қабакқа қазір от ілем
Кезеріп келіп құлайын деп ем өлеңге,
Келгендей шөлдің өтінен.

Тұра-тұршы енді. У-шу боп қолды бұлғама,
Есепсізсің деп сөкпесін ертең күн дана.

...Тыныштық іздеп толықсып тұрған жәйімді,
Түсінер, әттең, түн ғана...

Аялдасам, тоқтардай қауіппенен,
Шауып келем, дедектеп, шауып келем,
Қалай бағыт, білмеймін, тауып келем,
Сүйрелейді жанымды сауыт денем.

Біразға келіп қалдым шамаменен,
Сарғайған сәттерім көп санаменен
Күндерім өтіп жатыр алаң-елен,
Үміт пен күдіктен де аман емен.

Келеді жыртығымды жамап өлең,
Өзің біл, бықсим десең шаламенен,
Мен бірақ қолдан келсе, жана берем.
Қарайлап қарайғанға халқым отыр,
Ал, айтшы қалайша енді қарап өлем?!.
Дауылдан соң дамылдап алатұғын,
Мен мінездес болармын даламенен.

Жалған екен теңдігі де теңдіктің,
Кешір, осы ақиқатты енді ұқтым
Тайыздарға тонатып ап тереңін,
Кемеріне келе алмай түр Еңлік Күн.

Ән-тарлан өтті өмірден

Қатимолла үйіндеміз. Үнсізбіз.
Бейтаныстар жоқ дейтіндей кім сіз-біз,
Күндегідей айтыс та жоқ, жыр да жоқ.
Шолпан да отыр, Еділ де отыр.
Тілсізбіз.
Қоңыр ғана әңгімені қозғаймыз,
Зауқымыз жоқ. Ол сөзді де созбаймыз.
Ғарекеннің жерге түскен күні деп,
Әрқайсымыз іштей тынып боздаймыз.
Бәтима жүр шелпек ауыз тигізіп,
Көкей шертті өксік толы күйді үзіп,
Қатимолла құран оқып дұға етті,
Ғарекенге бар тілекті игізіп.
Шолпан апам: «бітті, - деді - бір ғұмыр,
Ендігісі - өшпес атақ жыр ғұмыр.
Жасқа толды жанарының жарасы,
Атой салып, жан әлемде мың - дүбір.
Әншіл жүрек өтті өмірге ынтығып,

Көзде тұрды бүртік моншақ іркіліп.
«Қарап тұрып құлап түскен домбырам,
Сездірген ғой» - деді Әбекең күрсініп.
Еске алумен көп отырдық үнсіз біз,
Ортақ ойды түсіністік ымсыз біз.
Ғарекеннің ән ғұмырын жалға деп,
Аманатты айтып тұрдық тілсіз біз.
Ән тарланмен шарлап елін, жостырып,
Мұхит атын ұрпағына қостырып,
Аттанғанда бір ақ иық жалғаннан,
Арман қалды үміттерден қос тігіп.



Неге?

Мазасыз қып жаратты сені неге?
Селт етпейді сезімнің сеңі неге?
Неге жаның жабырқау? Егіле ме?
Неге? Неге? Айтшы өзің, тегі, неге?
Неге жауап іздейсің? Не сұраққа?
Саған мынау өмірдің көші жат па?
Қара ішкінен ұмтылған, не сыр, аққа?
...Есіл жылдар! Есіл ай! Есіл апта!



Қызық өлең

Иір күннің ій жібіп өңезінде,
Үнсіз бір күй ойнайды өзегінде.
Көп тыңдадым тоқтай қап, ұға алдым ба?
Бір қызығы, білмеймін соны өзім де.

Тек қана

Бір ой басып бір ойды тұнжыратқан,
Содан, бәлкім, көп таңым тұнжыр атқан.
Жылап батқан көз жасын кей күндердің,
Жұлдыз сүртіп, тек қана, түн жұбатқан
Мен тұрмыстан күтпеп ем төтен көрік,
Төтен болса тірліктен кетем жеріп.
Өз сынымнан күнде өзім өтем келіп,
Өзгерістен әлдебір секемденіп.

Бір күніңнен бір күннің иығы асып,
Кездерің көп жүретін миың ашып
Кілт салынған көңілдің қақпасына,
Қайран уақыт қарайды күйі қашып.



Сыр

Қырымбек Елеуұлына

Ортадан ойға қашып сырғақтағам,
Көміліп көлеңкеден үн қатпағам
Қалтқысыз қалтарыстан сыр аңдайтын,
Болғаны қандай жақсы бір Жақсы Адам.
Майдасы аз, бұл өмірдің, кесегі - мың,
Баурайдан оны ойласам көшеді мұн.
Тап басып тани алар айналаны,
Жүргені қандай жақсы Көшелінің.
Сездіріп жалған ғұмыр күз екнінің,
Қисайсам ат жалынан - түзетті кім?
Жан-жағын жан нұрымен жылыта алар,
Жүргені қандай жақсы Ізеттінің.
Тайғақ пен таңсық емес мұздақ маған,
(Болғанбыз баз бір жолда біз де ақтабан)
Елінің даусы жетер биіктікте,
Жүргені қандай жақсы, бір Жақсы Адам.

2002 жыл 24 қазан

Ақ қайың

Ақ қайың, сұлу сұңғылам,
Айналаң сенің сыңғыр ән
Жалындап өтіп барады
Жаныңнан жылдар сырғыған.
Қасында танды атырдым,
Неліктен саған жақынмын.
Жібiтшi бiр сәт жанымды,
Қатайып бара жатырмын.
Ақ қайың сен де үндеме,
Қасыңа келген кім деме.
Сүйеніп қана тұрайын,
Сыр ашпай мына түнге де.

Жүрсе дағы өрінде кеме жүзіп,
Көңіл шіркін-күмсанды көне жүзік.
Кешір мені, кей кезде құлазиды,
Жер таба алмай қоярға елегізіп.
Үзігінен өмірдің зер құрағам,
Құзарынан құдилап шер құлаған.
Тағы да бір білгенім-бұрынғыдай,
Жылауға да болмайды енді маған.



Желтоқсан түні

Шым-шым сүйіп беттің ғана ұшынан,
Аяз-Сері соған күйіп-ысыған.
Кірпік қақпай Жұлдыз-Жігіт жылтындап,
Ай сұлудың карап қатты тұсынан.
Түн-Дүрегей құлақ түріп тылсымға,
Толқыды кеп төзем бе деп бұл сынға.

Жарып өтіп, жарык етіп Шолпан түр.
Жібергендей тағып бейне Күн сырға.
Кеші төрде. Түн ортада. Таң алда,
Тамашаға тамсанады далам да.
Бірін-бірі қуып түскен күміс-қар,
Сыңғыр қағып ойнап жатыр табанда.



Қарамашы...

Қарамашы сен маған, өтінемін,
Қарасыңнан жаныма от ілемін.
Қарып түсе жаздады жүрегімді,
Қабағыңнан тараған от лебің.
Қарамағын сен маған бұлай жанып,
Кетіп жүрер дүние шыр айналып.
Шеңгелінде сезімнің сенделерміз,
Барлығы да әйтпесе былай қалып.
Қарамағын үзіліп, қарамағын,
Қарамады деп мені қаралағын.
Жүрегінді тондырып алып жүрер,
Қат-қат ойлар қармаған қар-алабым.



Подстепныйда

Болғанменен орысша атаулары,
Тұлпар шауып бұл жерде, ат аунады
Арғы - бергі жағы боп АқЖайықтың,
Андағайлап талай күн атойлады.
Қабасақал, қапсағай бөріктінің,
Қорлығынан Ай шошып, қорықты Күн.
Құлағына келеді еміс үні,
Қақсаған ұл, тұл болған көріктінің

Арғы бетке бастырмай аяқтарын,
Арқасына батырып таяқтарын...
... Қайран бабам шұбыртып келеді екен,
Айырбасқа казакка саяқтарын
(Кім елесін олардың аяп халін)
«Менямной» деп ат қойып қыр астына,
Әрі қарай жол бермей тұмақтыға.
Кес-кестеген кесір кез болған екен,
«Мінә мінайды» мен білсем сұрастыра
Ел есінде жатталған мәтін анық,
Кім жетеді тарихтың хатын алып
Кіреберіс қақпа ғой... Тұрар ма еді
Әбілқайыр бабаның атын алып!

Оралдағы Жаңа жыл

Жаңа жылдың жақындап қалғандығын,
Хабарлайды жарқырап шамдар бүгін.
Түн түндігін тезірек ысыртқызып
Ғашық қылған өзіне тандарды кім?
Ертегідей бір әлем. Ғажап қандай!
Сол ғажапқа бөленген қазақтарды-ай!
Сұлулықты жанарға сыйғыза алмай,
Тәтті әсерге тұншығу «азап» қандай.
Малындырып Жайықты шұғасына,
Шашып жатыр шуағын күн асыға
- «Әлек салып жүрме!» - деп аяқ асты,
Абай қарап тұр «Кәрі құдасына».

Тағы да бір жыл өтті ойландырып,
Ойландырып. От кезді ойға алдырып.
Түріп өтіп барады құлақтарын,
Төбе-төбе артында той қалдырып,

Тағы да бір жыл өтті өкінбе тек,
Өзгермес ек өртеңнен өтілмесек
Ескі жылға есейткен есірке деп,
Келешектің көрейік отын көсеп.
Тағы да бір жыл өтті дүрілдетіп,
Дүбірлетіп, жүректі дірілдетіп.
Аяз-ата әне жүр Жаңа жылға
Барайын деп басқадан бұрын жетіп.

От алу

Оу, Сырым баба!
Келдің бе ақыры
арғымақ атты сабылтып,
Ақжайығыңды сағынтып,
Айбыныңнан алдым асқақтық,
Жағама қойса да жабылтып
Ал, Сырым баба,
Жүрек біте келгендей
жырымдала,
Бермей жатыр әзірге түгін дала,
Басқа тілде сөйлеп тұр бүгін қала,
Келе салып естідің жат ұяның
Қаңғырлаған қоңырау үнін жаңа
Жә.
Сырым баба!
Мұңая бермейінші жасып маңым,
Марқасқа ойды мен-дағы қасықтадым.
Терезеден сен қарап тұрған кезде,
Меңгерейін лашынның машықтарын.
Беу, Сырым баба,
Шынымен жақсы болғаны-ай,
келгеніңнің,
Білмей жүр ем, бүрқ етсем - сенгенім кім...

Өзі маған күш боп түр тас бейнеңмен,
Ту сыртымнан
Жөн сілтеп төнгеніңнің.



Әлаға

*Жалпақпалдың жайсаң азаматы
марқұм Ә.Ахметовке*

Әли аға, Әли ақа, Әлаға,
Екенсіз-ау мына ауылға әл, аға
Жиі оралды бүгін еске елесің,
Себепші боп айтылған бір ән, аға.
Өнер кешім өтті өлеңмен өрілген,
Жыр жайлатып отыр едім еліммен.
«Жалпақталым» әні бар ғой баяғы,
Төгілді кеп асқақтатып өр үнмен.
Шақырып ап арнайы өзің өтініп,
«Жаз» деген соң қалмап едім тосылып
Ән шығартып Махамбетке содан соң,
Қуанып ең балаша өзің қосылып.
«Асыр салған балалығың кекілді»,
Жігіт болып сол ауылда жетілді
Өнерінің рухымен биік түр,
Жалпақталға туса да әзір екінді.
Әкеткендей әрірекке Сыр-Тақсыр
Мен отырдым көңілді мұң күрсап бір.
Махаң да жоқ. Сен де жоқсың. Өмір бар.
...Ақмаралың «Жалпақталды» шырқап түр.

Баянға

(Алғысөз орнына)

Жаңылмай салып аяңын,
Сыйлаған елге Ай-әнін.
Жайығы құрмет тұтады,
Жалпақталдың Баянын.
Кешсе де өмір аялын,
Елемей соққы-таяғын,
Құшақтап қара баянын,
Көмейден төккен баяғы үн,
Қадірлі әнші - Баяның.
Бес бірдей бағып баласын,
Термеге бөлеп даласын,
Жасырып жанның жарасын,
Өнерден дауа табатын,
Осындай қазақ қызының,
Затына қайран қаласын.

Тихон ағама

Амандасуды алдымен,
«Мейрамдарыңмен» деп бастайтын.
Толған бір сөйлеп кеткенде,
Түйдектеп ойлар тастайтын.
Тәбәрік-тапқыр сөздері,
тараған елге аңыз боп.
Ішінде тау-тау кітаптың,
Кешетін ғұмыр Абыз боп.
Талғамы бөлек, ерекше,
Тұлғасы биік басқадан
Қатимолладай балдызын,
Балапанынан баптаған.
...Құрметтен әр кез тұрады ел,
Көп сөйлеп қайтем, сірә мен
Аман-сау, аға жүре бер,
Бір өзің болып бір Әлем!

Мұн шақпадым мен саған.
Тұзым-қатық.
Сезім-шынар. Төзім-шар. Құзым да тік
Тісті-тіске бастым да шыдап бердім
Тұз сепсең де жарама тызылдатып.
Мұн шақпадым. Көзім-от.
Сөзім-жалын
Өмір ошак. Көңіл шоқ-қозындамын
Ештеңе жоқ. Тыныштал. Көре алмастай-
Не барлығы сенен қолсозымдамын.

Әлде бір күмбез - қыратқа,
Қол бұлғап неге шақырдың.
Бетке алып сені жыраққа,
Алыстап бара жатырмын.
Бәрі де мұнда басқаша,
Бояуы басқа тірліктің
Тартады тиірмен тас та шар
Бұрауы жетпей кіндіктің.
Қадалып жанға шөгірі
Жан-жактан дал-дүл талайды
Алқынды жырдың көбігі
Алақтап қана қарайды.



Жұбату

Жылама аға. Жылаумен нені жеңесің
Жаңа көрдің бе тағдырдың қатал егесін
Жетіде тұлдыр жетім де қалған жоқ па едің
Өспеп пе ең аңсап туған ауылдың төбесін
Жылама аға. Көзіңнің жасын төкпегін,

Білемін іште кезеулі жатыр көп кегің
Он сегіздегі өндірің сұлап түскенде
Жылаумен оны тірілтіп алам деп пе едің
Жылама аға. Бойыңды ұста. Бекем бол
Үгіліп енді тозбашы болып бекер бор
Мынау тірліктен мапағат, рахат таба алмай,
Араша тілеп аттанды анау мекенге ол
Жылама аға. Қолыңмен бетті қалқалап,
Жұбатайын деп әлеумет келді алқалап
Белшеден кешкен сендік бейнеттің қалғанын,
Осы ұлың бәлкім әкеткен шығар арқалап...

Сылтып басып аяқты. Сылтып басып,
Шабар жерде ат басын іркіп, кашып
Жүретұғын кездер көп көрінсе де
Ит басына жатқандай іркіт тасып.
Ой-шұңқыр көп бір керім көрінбейтін,
Терме де көп пернеге терілмейтін
Аспан ашық. Күн тыныш. Неге бірақ,
Қанат құныс бұл жерде керілмейтін?

Ақ ниетім тұрғанда туырылып,
Қарай берме қызыл көз қуырылып
Өмір-бәйге. Біз тұлпар. Аламанда,
Кім шығары белгісіз суырылып.
Жүргенім жоқ, рас айтам, тараштанып,
Жыр-теңізде малтыдым құлаш талып
Жалғандықтан жалтарып зытып келем,
Қалмасын деп әлемім ластанып
Жүргенім жоқ, рас айтам, есеп құрып,
Жоламағын жолыма өсек-құрық
Пәруайсыздан пәтуа күтпегенім,
Тап бергенде танытсам кесек қылық.

Жүргенім жоқ. Жұртпен бақ таластырып,
Айла-шарға қоймадым қарастырып
Бірақ осы неліктен кейбіреуге,
Кінәлі боп қаламын қарап тұрып...

Күндер де күндер өтілген,
Көп пе еді кезім өтінген.
Кесулі келген өкім бе ең,
Өшірмей кеткен отың ба ем?...

Не істесем екем?
Жамырап кетті алабым,
Жауды мың сұрақ
Жауабын кімнен аламын
Бар менен жоқтан құралған тылсым ғаламым
Жоқ па екенмін деп қаламын.
Не істесем екем?
Табады жанның кім емін,
Құрамы жұмбақ құпия мен бір тін едім.
Беймәлім баба, жетсін деп саған тілегім,
Басыңа келіп түнедім.
Не істесем екем?
Неткен бұл неткен іс тегі,
Айналып жатыр оқиға өңге түстегі
Қабыландардың қазанда басы піспеді,
Басулы жүрген тістері,
Әнгүдіктерді ананың аппақ сүті ұрып,
Әлем түр әне, қабағы әнтек шытылып,
Ібіліс шықты пердесін беттен сыпырып
Қалғандары ма? Қалғандары шым-шытырық.

Төніп жиі қарайсың, бабам, маған,
Сол қарастан көңілім аландаған.
Не себепті көз тіктің тірлігіме,

Аңғалдығым таныс па далаңдаған
Кең даланың өсіп ем гүлін күшып
Ерігіп жыр жазғам жоқ тілім қышып
Жүрегімді жылаттым додаға сап,
Кірпігімнен тамшылап түрілді шық.
Төніп неге қарадың, аядың ба,
Әлде мен де «мәреге» таядым ба
Көзді жұмып көмейге қойып кеттім,
Айырмастан аяр мен шаянын да

Күндер де күндер тізілген,
Кімдерді көрдім ізіңнен
Есімі бар ма екен деп
Іздедім кімді тізімнен.
Күндер де күндер жорытқан,
Хабарың бар ма жорықтан
Нені ойлап неден қорыққан
Қорыққан сосын торыққан.

Тыныштық білмейтұғын бұл араны,
Дер едім бал беретін гүл аралы.
Мейлің сен, мейлің сенбе менің бүгін,
Өмірім осылардан құралады
Сәт күтіп қоңыраудан қоңырауға,
Тілектен тұмар тақтым омырауға
Жетелеп қияндарға бара жатыр,
Өзінің бағытымен өмір-арна

Кейі жақтан пенденің кейі даттан
Күйесін де болады кейі жақпақ
Өксіп тұрып өртіңе су себеді
Өзегімнен нұр төккен пейіл аппақ

Табысу

Келдің бе, өлең, келдің бе ақыр қиналып,
Кетті ме деп ем келмеске бір-ақ жиналып
Өзіңсіз бірақ кәдімгі өмір барына
Үлгірген жоқпын иланып.

Келдің бе, Өлең, келдің бе тербеп түнімді,
Құлағың шалып жүректен жеткен үнімді
Өтінем бірақ, өлкеңнен безіп кетпеші,
Түрімді көріп бүгінгі.

Сен келдің, Өлең. Көрістің. Болдық көзайым,
Тынамын іштен - әдептен қайтіп озайын
Үлбіреп гүлі. Күлдіреп сыры күндердің,
Босатты көңілін боз айым.

Келдің бе, Өлең! Қарызды келші, өтейін
Сенің де мендей өртеніп тұр ма көкейің.
Лағылдарыңды тұндырып таста тереңге,
Соңынан сүңгіп кетейін.



Тылсым дүние

Құрсаулы екен. Құрсаулы екен дүние,
Құрсаулатпас болмас па енді бір ие...

Сызат түскен түңлігінен түн қарап
Күмбезінен көз тігеді Күн Ие.

Сықыр-сықыр. Сынып кете жаздардай,
Сырқырайды сенім-шыңға жаз бармай.
Жалауыңнан жамауың көп бұл жалған,
Ақ әлемнің аз қандай!

Опан-топан ойлар үркіп, борасам,
Ұйқы-тұйқы, қараң қалар онашаң.

Түнге оранып түнереді дүние

Құрсау ма екен - Айдың беті қорасан.

Жыл келді тағы жаңарып.
Жоқ бірақ менде жаңалық.
Қағаздан іздеп қызықты
Отырмын таңға қадалып.
Көне мүң. Сол бір көне леп.
Қалғиды түн де төне кеп.
Ақ парак маған карайды,
-Айтарың бар ма? О не?-деп.

Ей, тайқар күн, тайқар күн,
Сырынды сенің байқар кім,
Сорынды келіп қайтарғым,
Сақалын талдап қарадым,
Саясат деген сайтанның.
Солқылдап содан шайқалдым,
Соңғысын қалай айтармын.
Сүр жебе-сөзді тартқанмын,
Сүм жүзін көздеп сайқалдың.
...Ей, тайқар күн, тайқар күн.

Жақсы болып көп пенде сыртыменен,
Жасырынбақ ойнап жүр жұртыменен
Кінә қойма. Шылтиған бір періні
Шырт еткізіп үркіттім шырпыменен...

Тым болмаса жаза алмайсың ашық жыр,
Жауыздықтың мейманасы тасып жүр.
Тәртіпшіге жүгінер ем «Ойпырмай!»
Ол да менен қарыз алып қашып жүр.

Реніш

26-27.01.04

Сен қызық екенсің, інішек, қызық екенсің,
Тағып тұрсың-ау, апаңа осы бекер сың.
Әдейі шағып тұрсың ба, әлде, тілменен,
Бұйығып кетті деп мені, басын көтерсін.
Сен тиме бұлай, жүйкенің қылын талдама,
Іздеп көргем жоқ тып-тыныш жерден дау-дама.
Айтар ем қатты ашуым келмей тұрғаны,
Себеп керек қой тарс ету үшін талға да
Сен қызық екенсің, бұзық деп баға бермейін,
Көрсетіп тұрған құлқыңды неге көрмейін.
Өзіңе деген сыйластығымды шошытты-ау,
Мезгілсіз, әттен, үрілген мына кернейің.

Деме мені ...

(С. Шарабасовқа)

«Батыр қыз» демеңізші, аға, мені,
Қымсынтады осы бір баға мені.
Айда-жылда жылда ақиқат бір сөз айтсам,
Көргендей шулайды жұрт жаңа мені
Жансыз ғой өзіңіз де дара лебі
«Батыр қыз» демеңізші аға мені.
Батыр қыз демеңіз Сіз тіпті мені,
Күмәнның көңілде жүр күпті легі.
Айтамын айтпасыңа болмаған соң,
Әйтпесе ет-жүрегім түкті ме еді.
Батыр да, жүйрік те емен дуды күткен,
Семсер сөз сүңгі ой мен туды үміттен.
«Батыр қыз» деме мені әлдекімше,
Аңқаудың қолтығына су бүріккен.

Өмір жолдары



Анам Сәлима және мен



18 жас



20 жас



30 жас



Төлө би
мазарыңа.
Ташкент. 1994 ж.
желтоқсан.

40 жас




45 жас



Немерем Ғалинур және мен.

Өнер жолдары





Шымкенттік Нұрберген мен Дариға. Наурыз айтысы.
1986, Алматы.



Айтакын, Дариға, Жандарбек



Шорабек, Баянғали, Дариға



Алғашқы айтыс. Ұстазым Сағынғали Мұқанов (сол жақта)



Шолпан апам мен Қатимолла



Жалпақталдыктар өнер фестивалінде. Орал. 1972 жыл




Алғашқы айтыс. Орал. 1977 жыл



Ақтөбедегі айтыс



Жалпақтал халық оркестрінен көрініс



Ақтөбеде



Александр Қауенов және Дариға айтыс үстінде



Өнердегі ұстазым Сағынғали Мұқанов



Апалы-сіңілі.
Ләззәт пен Дариға Мұштановалар. 2001 жыл



“Сурал өңірі” газеті редакциясының ұжымы. 1996 жыл

Тараудан сыр шертесің өмір деген.
Білдірмей арығынды кесектеніп
Маздатып жан отынды көсеп келіп.
Азамат болғаныңды дәлелдейсің
Тұрғандай әке алдында есеп беріп.
Жаңа леп әкелгендей жаңа бұл күз,
Болып тұр жүрек - аспан, сана - жұлдыз.
...Сен екен деп қалып ем анау жігіт,
Өзім екен деп қалдым ана бір қыз.



Киелі мекен

Бәрі жаңа. Бәрі асыл Кереметтей,
Үстірттікке хақың жоқ, терең өтпей.
Көне үнге мұндағы жаңғырыққан,
Әлі күнге кете алман елең етпей.
Жүргенімді бейсуат ағат көріп,
Аяғымды басамын санап келіп
Демімді алып ішіме құлақ түрем,
Сәрсен ағай тұрғандай сабақ беріп.
Бас ғұмырды жалғай ма тас ғұмыры,
Бірте биіктеп хас тұғыры
Қара өлеңді құранша күйылтқандай
Мәтжан ағай кәдімгі Мақсымұлы!
Алғысы кеп бір сәуле тұнықтардан,
Таң шапағы мұнда кеп тұрып қалған
Бұл киелі мекен ғой жұрт тәу етер,
Ұлылардың дауысы сініп қалған.





Көктерек орта мектебінің өлке тану мұражайында



Кұрбыларым Баян, Тамара және мен. "Орал өңірі"



Қатимолла, Дариға, Донедел



№ 24 мектеб. Сабак үстінде. 1999 жыл

Мазмұны

А. Шахин. Алғысөз орнына	3
Текетірес	5
Үзік шумақтар	7
«Қоғамдық тыңдау» сапарынан	8
Ауылдастарға хат	9
Институтқа келгенде	9
Киелі мекен	10
Ақ қағазбен оңаша қалдыр мені. Елу!	11
Сен туралы	11
Көңіл пернелері	12
Ғарапада	13
Мүсіркеме	14
Тәуба	14
Айна	14
Шуак - өлең. Ерболат ағаға	15
Тірішілік	16
Зейнетақы кезегін көргенде	17
Голоуховқа	17
Порым	17
Әрі каш...	18
Қоя тұрындаршы...	19
Ән-тарлан өтті өмірден	20
Неге?	21
Қызық өлең	21
Тек қана	22
Сыр (Қырымбек Елеуұлына)	22
Ақ қайың	23
Желтоқсан түні	23
Қарамашы...	24
Подстепныйда	24
Оралдағы Жаңа жыл	25
От алу	26
Әлаға	27
Баянға (Алғысөз орнына)	28
Тихон ағама	28
Жұбату	29
Табысу	33
Тылсым дүние	33
Реніш	35
Деме мені	35
Өмір жолдары	36
Өнер жолдары	43

Дариға Мұштанова
“Өмір арна”

Офсеттік басылым 60х90/16. Офсеттік қағаз.
Тапсырыс № 6. Таралымы 1000 дана.
“Дастан” БПК” ААҚ.
Орал қаласы, Достық даңғылы, 177



**Мұштанова
Дариға Ғазизовна**
Батыс Қазақстан
облысының Орал
қаласында дүниеге келген.
“Үміт” дарынды балалар
гимназиясының
директоры.
Бұған дейін “Адамның
жаны бір жұмбақ” атты
жыр жинағының авторы.